

Облыста білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 74/9 шешімі . Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 13 қаңтарда N 2866 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыста білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс білім департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Павлодар облыстық мәслихатының (II сайланған. XIX сессия) 2002 жылғы 25 сәуірдегі "2002-2005 жылдарға арналған жастарға кәсіптік білім беру облыстық бағдарламасы туралы" N 28/196, МТН 1245 2002 жылғы 30 мамырда тіркелген және "2002-2005 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" N 27/19, МТН 1248 2002 жылғы 30 мамырда тіркелген шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
"Облыста білім беруді дамытудың
2005-2007 жылдарға арналған
Бағдарламасы туралы"
N _____ шешіміне қосымша

**Облыста
2005-2007
Бағдарламасы
1. Паспорты**

**білім беруді
жылдарға**

**дамытудың
арналған**

Атауы	Облыста білім беруді дамытудың 2005- 2007 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Президенттің Қазақстан халқына 2004 жылғы 19 наурыздағы " Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" Жолдауы
Негізгі әзірлеуші	Облыс білім департаменті
Мақсаты	Жинақталған тәжірибенің негізінде әлеуметтік -экономикалық және мәдени сұраныстарды шешу мақсатында облыста көпдеңгейлі үздіксіз білім беру жүйесін дамыту
Міндеттері	Олардың тарихтық, ұлттық, демографиялық, географиялық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, облыста білім беру жүйесін тұрақты дамыту тетіктерін жасау; қазіргі талаптарға сай келетін білім беру қызметінің сапасын қ а м т а м а с ы з е т у ; білім беру саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру; еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіптік білім беру жүйесінде жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын д а я р л а у ; қазақстандық патриотизмді, азаматтықты, құқықтық, рухани-адамгершілік, ақпараттық - мәдениетті, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыратын негізгі стратегиялық бағыттар бойынша білім берудің тәрбиелік функциясын к ү ш е й т у ; облыстың білім беру саласында кадрлық саясатты жетілдіру; облыс білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту
Қаржыландыру көлемі және көздері	Бағдарламаны қаржыландыру облыстық бюджетте, қалалар мен аудандардың бюджеттерінде тиісті жылға араластырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады. 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асырудағы есептік қажеттілік қосымша 7147,4 млн теңгені құрайды. Қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған жергілікті өкілетті органдардың шешіміне сәйкес нақтыланатын болады.
Күтілетін нәтижелер	Б а ғ д а р л а м а н ы о р ы н д а у : білімнің барлық деңгейіне қол жетімділікті және сабақтастықты ; нәтижеге бағдарланған сапалы, бәсекеге қабілетті білім беруді, ұлттық сана-сезім мен өзін-өзі дамытуды қалыптастыру институты ретінде қазақ ұлттық мектептерін одан әрі дамытуды ; білім беру сапасының мониторингін қамтамасыз ететін жүйе жасауды, оқушылардың нормативтік құндылықтарды қабылдауын, әрі қарай өзін-өзі анықтауда белсенді өмірлік көзқарас пен қажеттілік қалыптастыруды;

білім беру саласындағы кадрлық әлеуетті жақсартуды;
облыстың білім беру жүйесінің бірыңғай білім беру ақпараттық
ортасын құруды;
мүмкіндіктері шектелген балаларды есепке алу және бақылау
жасауды, арнайы білім беру ұйымдарының жүйесін сақтау мен
дамытуды;
өз бетінше алғырлық пен шығармашылық міндеттерді шешетін,
олардың нәтижелеріне жауап бере алатындай кәсіби құзыретті
маман даярлау;
кіші және шағын бизнес жұмыс берушілерімен және
субъектілерімен техникалық және кәсіптік білім беру
жүйесінің байланысын нығайтуды;
балаларға мектепке дейінгі тәрбие беру мен қосымша білім
беруді ұлғайтуды;
облыстың білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық
базаларын нығайтуды, 12 жылдық білім беруге көшу үшін
жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін болады.

2. Кіріспе

Облыста білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы (бұдан әрі -Бағдарлама) облыстың білім беру саласындағы орта мерзімді стратегияны, негізгі бағыттарды, басымдықтарды, міндеттерді сондай-ақ оларды іске асырудың тетіктерін анықтайды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Заңына, Елбасының 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама облыста білім беру саясатын дамытудың негізін қалайды және білім беру жүйесін дамытудағы негізгі бағыттарды мақсатты қаржыландыру үшін негіз болады.

Бағдарламаны әзірлеу білім беру сапасын арттыруға, көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін енгізу үрдісіндегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы облыстың білім беру жүйесінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған қомақты өзгерістердің қажеттілігінен туындап отыр.

Білім беру жүйесін жаңғырту облыстың білім беру саласын дамытуға арналған кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында ұйымдық-басқару, қаржылай-материалдық сипаттағы шаралар кешенін қабылдауды талап етеді.

Осы Бағдарламаға сәйкес оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары әзірленді.

Бұрын қабылданған және тиісінше облыстық мәслихаттың 19 сессиясының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 27/19 және 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 28/19 шешімдерімен бекітілген "2002-2005 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" және "

2002-2005 жылдарға арналған жастардың кәсіптік білімі" облыстық бағдарламалары белгілі бір кезеңде өзінің оң нәтижесін таныта алды және олардың жеке тармақтары осы Бағдарламаға енгізілді.

3. Облыста білім беру жүйесінің жай-күйін талдау

Павлодар облысының білім беру жүйесі жалпы құрамы 186 мың адамға жуық оқушылар мен тәрбиеленушілері бар 693 білім беру ұйымы кіретін мемлекеттік оқу орындарының көпфункционалды желісі болып табылады.

Кейінгі жылдарда қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беру мектептер санының өсуі байқалуда (2002 жыл -141, 2003 жыл-145). Кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілде оқытындар саны артуда (2002 жылы - 2615 оқушылар болса, 2003 жылы- 3575). Облыста құралған білім беру ұйымдарының желісі негізінен білім беру қызметтерінде халықтың тілек - талабын қанағаттандырады.

Жыл сайын облыстың мектеп бітірушілері жоғары оқу орындарына түсу кезіндегі кешенді тестілеу барысында жоғары білімдерінің сапалы деңгейін дәлелдейді. 2004 жылғы бірыңғай ұлттық тестілеудің қорытындылары республиканың облыстары арасындағы сапалық көрсеткіштері бойынша Павлодар облысының білім беру жүйесінің алдыңғы орындарда екендігін танытты.

Облыста мектептерді компьютерлендіру аяқталды. Барлық ауылдық орта мектептерінде білім беру жерсеріктік телеарналары бар.

Internet жүйесіне 253 мектеп (55,3%) қосылған, оның ішінде 167 (45,4%) ауылдық жерлерде. Облыс мектептерінде Интернетке шығу сағаттарының саны күніне 4 сағатқа дейін ұзартылған. Өкінішке орай, ауыл мектептері сапалы телефон байланысымен қамтамасыз етілмегендіктен, Интернетке шығу қиын болып отыр. Байланысты жақсарту облыс мектептерін Интернет жүйесіне жедел және үздіксіз қосу мақсатында облыс білім департаменті радиомост негізінде радиодабыл бойынша мәліметтерді сымсыз жүйемен берудің бастапқы жобаны іске асыруды бастады.

Жалпы білім беру мектептерінде жаңа буын оқулықтары кезең-кезеңмен енгізілуде. Облыс мектептерінің 1-7 сыныптарына арналған тегін жаңа буын оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

Жаппай оқыту білім беру қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мәселесін шешудегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мектептер жаппай оқыту қорынан бюджеттік қаражат алады (2002 жылы - 42,1 млн. теңге, 2003 жылы - 64,3 млн. теңге, 2004 жылы -76,6 млн. теңге), аударым пайызы 1,5% дейін көбейтілген, ал кейбір аудандарда ол 2-3% дейін жетеді. Бұл балалардың (21,5 мың оқушылар), оның ішінде туберкулезбен ауыратын және туберкулезбен қатынастағы балалардың ыстық тамақпен қамтылуын ұлғайтуға мүмкіндік береді

. Бұл мақсаттарға қалалық және аудандық бюджет қаражатынан 23,2 млн. теңге
б ө л і н г е н .

Жыл сайын интернат мекемелерінің және балалар үйлерінің балалары жазғы уақытта қала сыртындағы сауықтыру лагерлерінде дем алады. Облыстық, қалалық және аудандық бюджет қаражаттары есебі-нен мектеп оқушыларының демалыс, сауықтырылу және жұмыспен қамтамасыз етілудің барлық түрлерімен қ а м т ы л у ы 9 0 % қ ұ р а й д ы .

Облыс мектептерінде 12612 мұғалім, соның ішінде ауылдық мектептерде 6979 мұғалім жұмыс істейді, олардың 54,6% жоғары білімдері бар. Жалпы мектептердің жоғары білімді педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі 64,0 пайызды (2002 жылы -62,0%) қ ұ р а й д ы .

2004 жылы жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында сырттай оқу түрі бойынша 1874 мұғалім, оның ішінде ауылдық мектептерден 1400 мұғалім оқытылуда. 630 мұғалім, оның ішінде ауылдық мектептерден 455 мұғалім екінші ж о ғ а р ы б і л і м а л у д а .

2004 жылы білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа оқулықтар мен бағдарламалар бойынша оқытудың жаңа технологияларын енгізу мәселелері жөнінде 5244 педагог облыстық педагог қызметкерлерін біліктілігін арттыру институты негізіндегі курсты өтті. Оның ішінде 1784 - мемлекеттік тілде оқытатын мектептерден, 1494 мұғалім аз топтағы мектептерден. Басқару мәселелері бойынша 273 мектеп басшылары, кадрлық резерв құрамынан 70 адам о қ ы д ы .

Сонымен қатар облыс білім жүйесінде кідіріссіз шараларды қолдануды талап е т е т і н мә с е л е л е р б а р .

Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту жағдайының жай-күйі бір жастан бес жасқа дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуының төмен деңгейін көрсетеді (19,6%). Мектеп алдындағы міндетті бағдарламаны бес-алты жастағы б а л а л а р д ы ң 7 5 % ғ а н а а л а д ы .

Облыстың көптеген мектепке дейінгі ұйымдарының жабылуына байланысты олардың құрамы 15 мың балаға азайды. Қазіргі уақытта 55,1 мың мектеп жасына дейінгі балалардың тек қана 11,0 мың баланың балалар бақшасына баруға мүмкіндігі бар. 5-6 жастағы балалардың 3,4 мыңынан тек қана 48% балалар бақшасында мектеп алды дайындығынан өтеді, 27% - мектептерде ұйымдастырылған мектеп алды сыныптарына барады, 25% оқытумен қ а м т ы л м а ғ а н .

Жұмыс істеп тұрған балабақшалардағы жиһаздар, спорт құрал-жабдықтары, кітапхана қоры, ойыншықтар, оқытуға арналған көрнекіліктер моральді және сырт келбеті жағынан тозған, бұл жағдай ұсынылатын қызметтер сапасын т ө м е н д е т е д і .

Ауылдық жерлердегі мектеп алды дайындығы мектепке дейінгі мекемелердің жеткіліксіз болуы себебінен оларда оқытылмаған балаларға тиісті жағдайлар жасалмаған мектептерде жүзеге асырылады.

Мектептен тыс ұйымдар желісінің нашар дамығанына және қаржыландырудың жеткіліксіз болуына байланысты 12% мектеп оқушылары, оның ішінде ауылда тұратын 4,8% оқушылар ғана қосымша біліммен қамтылған.

Бүгінгі күні ауылдық мектептердің 86% аз топталған болып табылады. Мұндай мектептерде қаражаттың тапшылығынан білім берудің Мемлекеттік стандарт талаптарына қайшы, оқушылар саны аз болған орта буын топталған сыныптарға біріктірілген. Біріктірілген сыныптар болуы, әсіресе, ауылдық мектептердің жұмыс нәтижелеріне кері әсерін тигізеді.

Облыс білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базалары нашар күйде қалуда. Ғимараттардың техникалық жай-күйі қазіргі талаптарға сай емес, себебі ғимараттардың негізгі үлесі 30 -45 жылдар бұрын салынған. Облыстағы 455 жалпы білім беру мектептерінің 163-і ыңғайландырылған үй-жайларға жайғасқан, оның 22 мектебі ағаш, қамыс және шиден жинап жасалынған ғимараттарда орналасқан. Жалпы білім беру объектілерінің барлығы жөндеуді т а л а п е т е д і .

Көрсетілген мәселелерді шешуге бөлінген қаржы сомасы мардымсыз күйінде қалуда және апаттық жағдайларды жою жөніндегі бірін-саран жөндеулерді жүргізуді ғана қамтамасыз етеді. 2003 жылы мектептердің күрделі жөндеу шығыны жалпы бюджеттен 1,2%, материалдық-техникалық базаны нығайтуға - 0 , 9 % қ ұ р а д ы .

Мектеп жиһаздары ескірген және балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Әрбір үшінші мектепте физика, химия және биология кабинеттері жоқ, ал бар кабинеттер 20 жылдан бері жаңартылмаған. Спорт залдары, оқу шеберханалары бүгінгі күнгі талапқа сәйкес жабдықталмаған.

Қазіргі уақытта облыстағы тиісті түрі жоқ елді мекендерден оқушыларды тасымалдауды 80 мектеп жүзеге асырады. Тек қана әрбір үшінші мектепте автокөлік бар, қалғандары тасымалдауды жалға алынған көлікпен жүзеге асырады. Автобустардың техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз және күрделі жөндеуді немесе ауыстыруды талап етеді. Облыста 63 мектептің автобустарын ж а ң а р т у қ а ж е т .

Әр мектепте қажетті кітапхана қорының болуы білім беру қызметінің сапасына ықпал ететін маңызды жағдай болып табылады. Алайда, мектептерге арналған оқу-әдістемелік және көркем әдебиет көп жылдар бойы түскен емес, ескі қор біртіндеп жарамсыз болып қалуда. Мектеп кітапханаларының қорлары сыныптан тыс оқуға арналған әдебиеттермен, оқу-танымдық және басқа әдебиеттермен, әсіресе қазақ тіліндегі әдебиеттермен жаңартылуды және

толықтырылуды

қажет

етеді.

Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардың балалары, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, тубвиражды балалар және әлеуметтік жетімдер санының өсуі ондай санаттағы оқушыларға тегін ыстық тамақты ұйымдастыруды, сонымен қатар тәрбиенің патронат формасын дамыту мәселелерін күн тәртібіне қояды. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың толыққанды білім алу және шығармашылық даму құқықтары тиісті деңгейде іске асырылмауда.

Облыста 8 ауылдық кәсіптік мектеп қызмет етеді, онда ауыл шаруашылығы саласының он бес мамандығы бойынша мамандарды даярлау жүргізілуде. Ауыл жастарының кәсіптік дағдылануы мақсатында оқу шаруашылықтарында тәжірибені ұйымдастыруға арналған тиісті жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Кәсіптік мектептердің оқу паркі 15 жыл бойы жаңартылмаған, ауыл шаруашылық техникасы түспеген. қолда бар техниканың жартысынан көбі ж а р а м с ы з к ү й д е б о л у д а .

Орта кәсіптік білім беру мамандарын даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс жеткіліксіз көлемде қаржыландырылады. Облыс колледждерінің бюджет топтарында жалпы контингенттің (22021 адам) 12% (2650 адам) оқушылары оқиды. Орта буындағы мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс, негізінен, білім, мәдениет, спорт және аграрлық сектор салаларында жүзеге асырылады. Қолда бар қаржы еңбекақы, стипендия шығындарын, сондай-ақ коммуналдық қызмет көрсету төлем ақысын ғана қамтамасыз етеді. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға, жөндеу жұмыстарын жүргізу мен басқа да ағымдағы шығындарға қаражат бөлінбейді деуге болады. Әсіресе жеткіліксіз қаржыландыру бюджет есебінен мамандарды даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарының: педагогикалық, музыкалық, агротехникалық колледждердің материалдық-техникалық жай - күйіне кері әсер етеді. 2003 жылы колледждерді қаржыландыруға 163,4 млн. теңге бөлінді, бұл ең кем қажеттіліктің 85% жуығын құрайды.

Жұмыс берушілер және басқа да әлеуметтік серіктестіктер мамандарды даярлау үрдісіне қанағаттанғысыз түрде қатысады. Кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірушілердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі мен жинаңқылығы жақсырақ болуды талап етеді.

Облыс бойынша кәмелетке толмағандар арасында қылмыстардың сәл азайғанымен, жалпы облыс бойынша әлі де мектеп оқушыларының ауыр қылмыстарды жасау мәселесі қалуда. Жасөспірімдер арасында масқұмарлық пен нашақорлықтың таралуы әлі де ойландыратындай.

Жалпы білім беру мектептерінің басты міндеті оқушыларда салауатты өмір салтына деген қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жүйесін жасау болып табылады.

Қолда бар спорт құралдары мен жабдықтардың тозғанына байланысты ол жыл сайын толықтыру мен жаңартуды талап етеді.

Ұжымдардағы жастарда қазақстандық отансүйгіштікті, адамгершілікті, белсенді өмірлік көзқарасты тәрбиелеу, салауатты өмір салтының дағдыларын дамыту тиісті нәтижелерге жеткен жоқ және жетілдіруді талап етеді.

Мектеп бітірушілерінің бірыңғай ұлттық тестілеуден өту қорытындылары облыс мектептерінің басым көпшілігінде ғылым негіздерін игерудегі аса маңызды кемшіліктер барлығын көрсетеді.

Педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлаудың деңгейін жоғарлатуға бағытталған жұмыс, әсіресе аз топталған ауыл мектептері үшін жаңа әдістемені қолдануды талап етеді. Бүгінгі күнгі мектепке жан-жақты білім алған, ой-өрісі кең дамыған, таңдаған мамандығы бойынша өз қызметіне кәсіби даярланған, өз ісінің менеджері бола алатын жаңа заман педагогі қажет етіледі. Ол оқытудың алдыңғы қатарлы жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруі, оқушылардың психологиясын білуі керек.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - жинақталған тәжірибенің негізінде әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұраныстарды шешу, жеке тұлға мен қоғам қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында облыста көп деңгейлі үздіксіз білім беру жүйесін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

олардың тарихтық, ұлттық, демографиялық, географиялық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, облыста білім жүйесінің тұрақты даму тетіктерін жасау;

бәсеке жағдайларында қазіргі талаптарға сай келетін білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету;

білім беру саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру; кәсіптік білім беру жүйесінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау;

қазақстандық отансүйгіштікті, азаматтықты, құқықтық, рухани-адамгершілік, ақпараттық мәдениетті, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыратын негізгі стратегиялық бағыттар бойынша білім берудің тәрбиелік қызметін күшейту;

облыстың білім беру саласында кадрлық саясатты жетілдіру; облыс білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі

Облыста білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы "Білім беру ұйымдары жүйесінің кепілді мөлшері туралы" N 300 қаулысымен белгіленген білім беру ұйымдары жүйесінің кепілді мөлшерін қамтамасыз ету қажет.

Жалпы білім беру мектептері және тиісті нысандағы интернат ұйымдары жоқ елді мекендердегі оқушыларды күнделікті мектепке тегін тасымалдауды қамтамасыз ету керек.

Экономикалық мақсаттылықтан, оқушылар мен олардың ата-аналарының мүдделерінен шыға отырып, мемлекеттік мектеп жанындағы интернаттар жүйесін кеңейту және нығайту керек.

Ауылдық жерлерде мектепке дейінгі тәрбие және білім берудің қол жетімдігін қамтамасыз ету үшін жалпы орта білім беру негізінде мектеп-балабақша, кіші орталықтар кешендерін дамыту қажет.

Облыстық музыка мектеп-интернаты мен облыс мектептерінде дарынды балалар үшін арнайы сыныптар ашылуы есебінен дарынды балалар үшін мамандандырылған мектептер желісі одан әрі кеңейе түседі.

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты және демалысын ұйымдастыру, балалар қозғалысын дамыту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың және қараусыз қалудың алдын алу және профилактика қажеттілігі қосымша білім беру ұйымдарының желісін кеңейтуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік және медицина-педагогикалық жағдайларын түзетуді қолдау туралы" Заңын іске асыру мақсатында әрбір аудан орталығында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылатын болады.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалыс пен бос уақыттарын өткізуді ұйымдастыруға арналған жыл сайынғы шығынның көлемін арттыру қарастырылуда.

Білім беру мекемелері мен объектілерін күрделі жөндеу және оларды материалдық-техникалық жарақтандыру

Б ұ л б а ғ ы т :

апатты білім беру нысандарының орнына жаңа нысандарды салу; облыс білім беру ұйымдары ғимараттарының жөндеуін және қайта құруын жүргізу;

физика, химия, биология, алғашқы әскери дайындық, лингафонды және басқа оқу кабинеттерін, сондай-ақ оқу шеберханаларын құру және жабдықтармен толықтыру;

облыс білім беру ұйымдарының компьютерлік паркін қамтамасыз ету

мөлшеріне сәйкес толықтыру;

оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін, сондай-ақ оқу процесін басқаруға арналған жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін ұйымдастырушы техниканы сатып алу, мектептерде телефон орнату және Интернет желісіне қосу мәселесін шешуге мүмкіндік беретін телекоммуникациялық желі жүйесін құру;

облыстың жалпы білім беру ұйымдарында оқушылардың жиһаздарын сатып алуды және жыл сайын жаңартып отыруды қамтамасыз ету;

облыс оқу орындарының кітапханаларын ғылыми-танымдық, көркем әдебиеттермен жабдықтау;

спортзалдарды спорт бұйымдарымен және жабдықтармен жабдықтау; шалғайдағы ауылдардан оқушыларды мектепке арнайы көлікпен тасымалдауды қамтамасыз ету;

ауылдық кәсіптік мектептердегі ауылшаруашылық техникасын жаңарту; интернат мекемелерінің жатаржай корпустары және мектеп асханаларының жиһаздары мен жабдықтарын жаңарту есебінен қамтамасыз етіледі.

Оқу және тәрбие сапасын арттыру

Б ұ л б а ғ ы т :

қазақстандық отансүйгіштікті, азаматтықты, еңбекқорлықты, адамгершілікті, құқықтық мәдениетті, отбасы мен қоршаған ортаны сүйе білуді қалыптастыруға бағытталған білім берудің тәрбиелік қызметіне басымдылық беру және күшейтуге;

оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды және оқытудың бүгінгі күнгі әдістемелерін, оның ішінде сыртқы, ағымдағы және қорытынды бақылаудың дистанциондық жүйесін енгізуге;

жаңа оқулықтар мен әдістемелік жинақтарды пайдалануға; аз топталған жалпы білім беру мектептерінің орта буындағы біріктірілген сыныптарын кезең-кезеңмен бөлуге;

ауыл мектептерінде пәндерді тереңдетіп оқыту мақсатында сыныптар санын көбейтуге акцент жасалады.

Педагогикалық кадрлар дарындылық мәселесі жөніндегі демеуші мектептердің жұмыс белсенділігін одан әрі дамытатын болады.

Жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балалар мен даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру жөнінде шаралар қолданылады. Тәрбиенің патронаттық түрі бұдан әрі дамытылады.

Оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығы, олардың әлеуметтік жағдайларының қолайлы болуы оқыту мен тәрбие беру сапасын қамтамасыз етудің басты факторы болып табылады. Оқушылар мен мұғалімдердің сапалы

медициналық тексерілуін ұйымдастыру қажет.

Кәсіптік бағдарлау жұмысы және сапалы кәсіптік білімді қамтамасыз ету.

Бұл бағытты іске асыру:
кәсіптік білім беру орындарының көпсалалық, көпқызметті желілерін дамыту;

білім беру мекемелерінің жоғары білікті кадрларды даярлауда өндіріспен және қызметтер көрсету саласымен өзара қатынасты күшейту;
жоғары білікті білім беру қызметін деген азаматтардың сұранысын қанағаттандыру, жастарды толыққанды өндірістік еңбекке қосу;
сапалы оқыту, практикалық дағдылану, үйренушілердің кәсіптік икемділігін дамыту үшін жағдайларын жақсарту;
жалпы білім беру мектептерінде кәсіптік бағдарлау кабинеттерін ашу және мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттарын дамыту;
пәндерді тереңдетіп оқытатын ауыл мектептерінің желісін кеңейту;
кәсіптік мектептерде профильдік еңбек оқытуы мен оқушыларды кәсіпке дейінгі даярлыққа оқытуды жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
бастауыш және орта кәсіптік білім беру жөніндегі білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін жетілдірудің мақсатты курстарын ұйымдастыру есебінен жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызметкерлер құрамының сапасын жақсарту

Жергілікті бюджеттер есебінен жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген және ауылға жұмыс істеуге келген жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл шара жас мамандардың ауылға тұрақтануына, ауылдық білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлер құрамының сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Ауыл мектептері мұғалімдерінің қайта даярлануы және біліктілігін арттыру жүйесі, тәжірибеге педагогикалық ғылымның жаңа жетістіктерін және ауыл мектептерінде оқытуды ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы оқыту тәжірибесін есепке алу керек, шағын жинақталған мектептердегі жұмыс ерекшелігін есепке ала отырып педагогтардың әр түрлі санаттарына курстарды ұйымдастыруға саралап келу керек. Басшы құрамдарды даярлауға аса көңіл бөлінетін болады. Телекоммуникациялық технологияларда кадрларды басқаруда пайдаланумен педагогикалық менеджмент жөніндегі алыстан білім беру облыс оқу орындары басшыларының біліктілігін арттырудағы басым бағыттары болады.

Педагог кадрларға деген сұранысты бағдарлайтын тетікті құру үшін педагогикалық және басқару кадрларға деген ағымдағы және перспективалық қажеттілікті болжауды қарастыратын "2005-2007 жыл кадрлары" компьютерлік кіші бағдарламасын әзірлеу қажет.

2005-2007 жылдары педагогтермен мемлекеттік тапсырыс бойынша өтетін

курстар санын арттыру жоспарлануда. Жаңадан құрылған мемлекеттік педагогикалық институт жаңа заман мұғалімдер даярлауда белсенді түрде көмек б е р е д і .

Жұмысқа жаңа буын оқулықтары бойынша даярлану, сондай-ақ аз топталған мектептер мұғалімдерінің бүгінгі күнгі ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қайта даярлауды қамтамасыз ету облыс педагогтерінің біліктілігін арттырудағы басым бағыт болып қалады.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау жүйесі жетілдіретін болады.

Ауыл мектептерінің мұғалімдеріне практикалық көмек көрсету үшін әдістемелік кабинеттер жұмысының тиімділігін арттыру қажет.

Тұрақты мониторинг жүргізу, сондай-ақ облыс білім беру ұйымдарын дамытуға бағытталған шаралардың тиімділігіне баға беру арқылы Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын қадағалау Бағдарламаны іске асырудың тетігі болып табылады.

6. Бағдарламаның қажетті ресурстары және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру облыстық бюджетте, қалалар мен аудандар бюджеттерінде көзделген қаражаттың шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаның қаржылай қамтамасыз етілуі екі бағыт бойынша жүзеге асырылады :

білім беру мекемелерінің және білім беру жүйесінің басқа ұйымдарымен бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалануды арттыру шартында бюджеттік қаржыландыруды арттыру ;

бюджеттік қаржыландырудың нормалары және нормативтерін, абсолюттік мөлшерлерін, азайтусыз білім беруді қаржыландырудың қосымша бюджеттен тыс көздерін тарту үшін жағдай жасау.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттер есебінен қосымша 7147,4 млн теңге бөлінетін болады: 2005 жылы - 2388,9 млн теңге, 2006 жылы - 2885,3 млн теңге, 2007 жылы -1873,2 млн теңге.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны орындау :

білімнің барлық деңгейіне қол жетімділікті және сабақтастықты; нәтижеге бағдарланған сапалы, бәсекеге қабілетті білім беруді; ұлттық сана-сезімді қалыптастыру институты ретінде қазақ ұлттық мектептерін одан әрі дамытуды;

білім беру сапасының мониторингін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сыртқы ағымдағы және қорытынды бағалау жүйесін құруды;

оқушылардың нормативтік құндылықтарды қабылдауын, әрі қарай өзін-өзі анықтау, белсенді өмірлік көзқарас және өзін-өзі іске асыру қажеттілігін қалыптастыруды, жасөспірімдердің қызығушылықтары бойынша бірлестіктеріне кеңінен қатысуды;

білім беру саласында кадрлық әлеуетті жақсартуды; облыстың білім беру жүйесінің бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын құруды;

есептеу және балаларға бақылау жүйесін сақтау мен дамытуды; кәсіби міндеттерді дербес шеше алатын және олардың нәтижелеріне жауап бере алатын мамандарды даярлауды;

